



АСТАНА АКШАМЫ

БӘЙТЕРЕКОВ БЕНЕФИСІ БОЛҒАНДАЙ

Кейбір зерттеушілер өткен ғасырдың 60-70 жылдарын қазақ руханиятының алтын кезеңіне балайды. Шынымен де, басқасын айтпағанда, сол жылдары сөз бер саз өнерінде небір таланттардың есімдері жарқ етіп, ұлттық әдебиет пен өнердің өрісі кеңейді. Аталмыш кезенде Әбілахат Еспаев, Нұрғиса Тілендиев, Шемші Қалдаяқов, Илья Жақанов, Әсет Бейсеуов сынды аса көрнекті композиторлардың шығармашылығы кемеліне келіп, олардың ізін ала Ескендір Хасанғалиев, Сейдолла Бәйтереков, Кеңес Дүйсекеев сияқты ұлттымыздың дарынды ұлдары музика өнерінің аренасына қанат қақты. Міне, аттары аталған тұлғалардың барлығы да қазақ эстрадасының қалыптасуына өлшеусіз үлес қосып, ұлттық мәдениетімізді байытты.



Бас шаһарда Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен елорда күні мерекесіне орай майталман композиторлардың есімдерін ескеріп, шығармашылығына арнап концерт өткізу жақсы дәстүрге айналды. Сол жолмен кеше Конгресс-холда Қазақстан Республикасының еңбек сінірген өнер қайраткери Сейдолла Бәйтерековтің өрелі өнерінен хабар беретін «Жан досым» концерті ұйымдастырылды.

Бұл дүниемен қош айтысқан белгілі бір өнер иесінің керек кезде аты атамай, шығармашылығы насиҳатталмай жатқанда, «Өзі жоқ та, көзі жоқ» деп күйінетініміз бар. Шыны керек, насиҳаты кемшін соғып тұрған композиторлардың бірі Сейдолла Бәйтереков болып тұр. Композитордың өзі көзі тірісінде қарапайым қалпын сақтап, журналистермен кездесіп, сұхбат беруге сонша құлықты болмаған. Есесіне тынбай шығармашылықпен айналысып, артына қаншамаға ғажап әндерді қалдырды. Халықтың аузында

жүрген бұл әндерді қазір жана заман әншілері де репертуарына қосқан. Мұны Астанада өткен кешке қатысқан әншілердің құрамынан-ақ байқауға болады.



Кеш жүргізушілерінің бірі белгілі әртіс Ғани Құлжанов айтқандай, аталмыш концертте халық Сейдолла Бәйтерековтің тұлғалық қасиеті мен шығармашылығын тани түсті. Композитордың өмірі мен өнерінен аздал хабары бар жүрттың таным көкжиегі кеңейді. Концерт тізгінін ұстаған танымал тележүргізуши Dana Нұржігіт те кезінде қызмет бабымен композитормен кездескен күндерін санасында жаңғыртты. Сол естеліктері арқылы дарындымын деп өңмендемейтін, өмірден ақырын жүріп, анық басып өткен шығармашылық иесінің болмысын ашқандай болды.

Бұған концерттің бас жағында композитордың «Дос туралы жыр» әнін орындаған «Жетіген» ансамблінің мүшесі Сағынай Абдуллиннің сөзі де мысал бола алады. «Шығармашылығымыздың бір кезеңінде, дәлірек айтсам, өткен ғасырдың 80-ші жылдары Сейдолла Бәйтереков біздің музикалық жетекшіміз болды. Сонда «мынандай ән шығардым» деп мақтанбайтын да. Бір бұрышта ақырын ыңылданап отыратын. Сол әннің хитке айналып жатқанын кейіннен біліп жататынбыз» деді әнші.

«Дос туралы жыр» әннің сөзін аса көрнекті ақын Тұманбай Молдағалиев жазғанын айта кетейік. Сондай-ақ, композитор Тұмағаның үзенгілесі Қадыр Мырза-Әлінің өлеңдеріне де ән жазған. Сейдолла Бәйтерековпен шығармашылық тандем құрған ақындардың арасында Шөмішбай Сариев пен Серік Тұрғынбекұлының есімдері де аталады.

Жалпы, композитордың көп әндері ақындардың жыр жинақтарын оқып отырғанда жазылған сияқты. Бұл тұрғыдан алғанда, ақын елеңдері

композиторға шабыт берген. «Дос туралы жыр» және атақты «Әлия» шығармаларының да жазылу тарихы соны айтады. Қазіргі композиторларға аға буынның осы жақсы қасиеті жетіспей жатады. Олар, негізінен, ақындарға тапсырыс беріп, туындыларын дүниеге әкеледі. Кітаптардағы әнге сұранып тұрған өлеңдерге назар аудару – жоқтың қасы. Ал Сейдолла Бәйтереков кітап оқыған композитор. «Әлия» әні – соның жемісі. Мұндағы ақын Бәкір Тәжібаевтың өлеңінің құдіреті композитор мен Роза Рымбаева сынды дарынды әншінің де бағын жандырды.



Сейдолла Бәйтерековтің әндері тек Розага ғана емес, Бағдат Сәмединова, Нұрлан Өнербаев, Женіс Ісқақова, Бақыт Шадаева сияқты қазіргі белгілі әншілердің ән көгіне самғауына жол ашты. Конгресс-холда өткен концертте де Н. Өнербаевтан басқа аттары аталған әншілер композитордың «Не ойладың?», «Жусан ісі», «Сарыарқа», «Есімде» сияқты өлмес туындыларына салды. Композитордың жары Ләzzат Аханова – Бәйтерекова кейінгі аталған ән композитордың соңғы әні екенін айтты.

Концертке Сейдолла Бәйтерековтің өмірлік қосағымен бірге әке жолын қуған ұлы Санжар да қатысты. Оның әке рухына арналған «Сен тұрғанда» әнін жас композитордың анасы орындағы.

Сейдолла Бәйтереков балаларға арнап ән жазғанын да біреу білер, біреу білмес. Кеште «Айдана» әнін Жұлдыздар академиясының вокалдық тобы айтса, осы топпен бірге «Жалқаубек» шығармасын Адель Агеева мен Аружан Оспанова орындағы.

«Егер жер бетіне сызат түссе, ол алдымен ақынның жүрегінен өтеді» деген сөз бар. Осы сөзді біздіңше, барлық шығармашылық иесіне қатысты айтуға болады. Композитордың «Аралдан ұшқан аққулар» әні – сондай туынды.

Кенес Дүйсекеев бастаған Арал сапарында теңіздің аянышты жайын көрген Сейдолла Бәйтерековтің бұл шығармасы – Арал қасіретіне деген қарсылығы, композитордың жанайқайы. Аталмыш әнді «Vidmen» тобы жаңғыртты.



Жас әншілер демекші, Еркеш Хасенов пен Назым Әбілдинадан тұратын «Лұпіл» дуэті мен «Айналайын» балалар хоры «Күнге табыну» әнін әдемі орынданап шықты.

Композитордың жүрек қылын шертер «Бір болайық», «Теніз жастық», «Ақ тілек» туындылары да шырқалды. Алғашқы әнді Сұндет Байғожин мен Маржан Арапбаева, екіншісін Эйгерім Қалаубаева, ал соңғысын Эли Оқапов айтты.

Сейдолла Бәйтереков үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсете білген адам. Кезі тірісінде жыл сайын Ұлы Отан соғысы ардагері, көршісі Василий Ивановичті Женіс күні мерекесінде құттықтап шығады еken. Композитордың өзі де 1945 жылдың женісті күндері дүниеге келген. Соның жемісі ретінде «Жасандар, ағалар» әнін дүниеге әкелді. Бұл туындыны Бағдат Сәмединова айтып шықты.

Концертке жиналған көпшілік, әрине, атақты әнші Роза Рымбаеваны күтті. Бір кешінде: «Алтын Орфей» байқауында «Әлия» әнін орындағанда сахнаға қызыл көйлеп киіп шығып едім, бұл көйлек маган женіс әкелді» деген әнші бұл жолы да әдетінен жаңылмай, қызыл түсті көйлекпен шықты. «Әлиясын» орынданап, өнер сүйер қауымды қайта тамсантты. Өзінің репертуарындағы кеш иесінің әйгілі «Жанбырлы тұн» және жас әнші Серік Ибрағимовпен бірге «Түркістан» әндерін жаңғыртты.

«Түркістан» әнін Сейдолла Бәйтереков Түркістан қаласының 1500 жылдығына арнап жазды. Алайда оған жете алмай, екі жыл бұрын дүниеден озып кетті. Маған: «Роза, осы әнді той кезінде жастармен бірігіп айт» деп өситет айтып кеткен еді. Сол өситетін осы концертте де орындаپ отырмын» деді Роза Рымбаева.

«Түркістан» әнінің мәтіні белгілі ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Серік Тұрғынбекұлының қаламынан туғанын айта кетейік. «Сейдолламен өмірінің соңғы он жылында ғана бірге жұмыс істедік. Онымен бірге «Түркістан», Абайдың 150 жылдығына арнап «Абай елі», «Көріп қалдым көшеден» сияқты 3-4 ән ғана жазып үлгердік. Сейдоллаға ән жазу оңай еді. Себебі ол ұлттық колориті мол композитор болатын. Өкінішке қарай, ол дүниеден өтіп, екеуміз көп ән жаза алмай қалдық» дейді ақын.

Ал концерт барлық қатысқан әншілер орындаған «Қазақстан» әнімен түйінделді. Бұдан соң композитордың жары Ләzzат Аханова – Бәйтерекова Сейдолла Бәйтерековтің есімін ескеріп, шығармашылығына арнап концертті үйымдастырғаны үшін Астана қаласы әкімдігіне алғысын жеткізді.

P.S. Бәйтерековтің сүйенетін бай тірегі – музыка, ән болатын. Осы өнерден ол бақытын тапты. Өнері оған сүйген жарын жолықтырды. Қазір ұлы әке жолын жалғап отыр. Шын өнерпаздың аты өшпейді екен. Оған «Бәйтереков бенефисі болғандай» осы концерт дәлел бола алады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ